

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ  
консультативтік-кеңесші (алқалық) органдарының тізілімі**

№	Органның атауы	Органды басқаратын лауазымды тұлға	Органның/комиссияның функциялары мен міндеттері	Органның/комиссияның құрылуы туралы актінің деректемелері	Отырыстардың жиелілігі
1	Ішкі аудит жөніндегі комитет	Комитет төрағасы-Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелері және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер.	«МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 204 шешімі	Қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына төрт отырыс
2	Стратегиялық жоспарлау және тұрақты даму комитеті	Комитет төрағасы-Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	Қоғам қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын әзірлеу, оның ішінде даму жоспарын әзірлеу және өзекті ету және оның іске асырылу мониторингі, даму жоспарында белгіленген ТНК белгілеу және мониторингі, сондай-ақ Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуына ықпал ететін негізгі тәуекелдерді анықтауға және бақылауға қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну.	«МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 204 шешімі	Қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына төрт отырыс
3	Тәуекелдерді басқару комитеті	Комитет төрағасы-Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің қызметін ұйымдастыру бөлігінде Қоғамның басқарушылық есептілігін қарауға қатысты Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлеу; активтерді инвестициялаудың индикативтік лимиттерінің мәндерін белгілеу қағидаларын, комплаенс-тәуекелді басқару саясатын, қабылданатын тәуекелдерді лимиттеу және операцияларға (мәмілелерге) шектеулер белгілеу жөніндегі ұсыныстарды реттейтін ішкі құжаттарды қарау және келісу; Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуіне, Директорлар кеңесіне және сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын басқарушылық есептіліктің анықтығы мен дәлдігіне мониторингті жүзеге асыру.	«МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 27 шешімі	Қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына төрт отырыс

4	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті	Комитет төрағасы-Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	басқарманың басшысы мен мүшелерінің уәждемелік ТНҚ тағайындау (сайлау), қою, қызметін бағалау, сыйақы беру және сабақтастығын жоспарлау мәселелері, корпоративтік хатшыны, директорлар кеңесінің шешімі бойынша тағайындалатын Қоғамның басқа да қызметкерлерін тағайындау және сыйақы беру мәселелері (бұл ретте ішкі аудит қызметінің басшысымен және қызметкерлерімен байланысты мәселелер ішкі аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне жатады), сондай-ақ Жалғыз акционер осындай өкілеттіктерді берген жағдайларда директорлар кеңесінің өзінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу.	«МАК» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 204 шешімі	Қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына төрт отырыс
5	Андеррайтингтік кеңес	Басқарма төрағасы	<p>1) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттері шегінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешім қабылдау;</p> <p>2) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттеріне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі деңгейінде қарауға жататын сақтандыру шартын жасасу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі үшін ұсынымдарды ресімдеу;</p> <p>3) қабылданған тәуекелдерді барабар бағалауға бақылау жүргізу;</p> <p>4) сақтандыруға қабылданатын объект және тәуекелдер бойынша барабар сақтандыру тарифін қамтамасыз ету;</p> <p>5) сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің шарттарын айқындау;</p> <p>6) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері арасындағы оң айырманың ұлғаюын</p>	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже (Директорлар кеңесінің 10.09.2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 103 шешімі)	Қажеттілігіне қарай

		<p>қамтамасыз ету (сақтандыру жағдайларының басталуының ықтималдық критерийлерін ескере отырып);</p> <p>7) сақтандыру (қайта сақтандыру)шартына енгізілетін негізгі және қосымша шарттардың тізбесін айқындау;</p> <p>8) Кәсіби тәуекел кластары бойынша бөлінген экономикалық қызмет түрлерінің анықтамалығын қарау және бекіту;</p> <p>9) Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтатын түзету коэффициентінің ең жоғары мөлшерін бекіту. Сонымен қатар, «Қызметкерлердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін 10 пайыздан аспайтын мөлшерде азайтуға болады;</p> <p>10) «МАК» ӨСК» АҚ-да Андеррайтинг кеңесінде жеке тәртіппен Қоғамда Андеррайтинг жөніндегі саясатта көзделген жағдайларда қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың жеке шарты бойынша түзету коэффициентін қолдану туралы шешім қабылдау;</p> <p>11) Кеңес жұмысының нәтижелері туралы жылдық есепті алдын ала қарау, оны кейіннен Қоғамның Директорлар кеңесіне қарау және шешім қабылдау үшін ұсыну;</p> <p>12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген басқа да мәселелерді қарау.</p>		
--	--	--	--	--

6	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес (АПБК)	Басқарма төрағасы	<p>1) жұмысты ұйымдастыру және Қоғамның активтері мен міндеттемелерін басқаруға байланысты мәселелерді шешу;</p> <p>2) жұмысты ұйымдастыру және Компанияның бекітілген инвестициялық стратегиясын іске асыруға байланысты мәселелерді шешу;</p> <p>3) Қоғамның капиталының өсуіне, пайдалылығына және тұрақтылығына қол жеткізу мақсатында белгіленген тәуекел-кірістілік коэффициентіне сәйкес келетін оңтайлы инвестициялық портфельді қалыптастыру мақсатында Қоғамның активтері мен міндеттемелерін басқаруға және тәуекелдерді басқаруға қатысатын бөлімшелердің қызметін үйлестіру;</p> <p>4) Қоғамның активтерін инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;</p> <p>5) сақтандыру төлемдерін уақтылы және толық жүзеге асыру үшін, соның ішінде белгіленген лимиттерге сәйкес Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес / АПБК қабылдаған шешімдер шеңберінде өтімділікті қамтамасыз ету;</p> <p>6) қайтарымдылық, әртараптандыру, пайдалылық, өтімділік қағидаттарын ескере отырып, инвестициялық саясатты әзірлеу.</p>	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже (Директорлар кеңесінің 10.09.2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 103 шешімі)	Қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет
7	Бюджет комиссиясы	Басқарма төрағасы	<p>Қоғамның жылдық бюджетін әзірлеу процесінде де, оны түзету процесінде де оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлей отырып, Қоғамның Бас офисі бөлімшелері, филиалдары мен өңірлік бөлімшелері бюджеттерінің жобаларын қарау;</p> <p>Бюджет комиссиясы туралы ережеде, «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ бюджетін жасау жөніндегі ережеде, сондай-ақ Бюджет комиссиясының қызметін қозғайтын басқа да құжаттарда көзделген өзге де өкілеттіктер.</p>	Бюджеттік комиссия туралы ереже (Басқарманың 2010 жылғы 10 қарашадағы № 203 шешімі)	Қажеттілігіне қарай

8	Келісу комиссиясы	Басқарма төрағасының орынбасары	Қызметкер мен Жұмыс беруші арасындағы жеке еңбек даулары (ЖЕД) жөніндегі келісім комиссиясының құзыретін, қалыптастыру тәртібін және жұмысын айқындау; Қоғамда еңбек қатынастарында тұрған және болған қызметкер мен Жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары процесінде туындайтын ЖЕД-ды қарау, еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіппен қарау және реттеу.	Келісу комиссиясы туралы 2025 жылғы 28 тамыздағы келісім	Қажеттілігіне қарай
9	Кадр комиссиясы	-	еңбекақы төлеудің тиімді жүйесін белгілеу арқылы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу; қызметкерге еңбекақы төлеу деңгейі, оның Қоғамдағы қызметінің жеке тиімділігі арасындағы айқын өзара байланысты қамтамасыз ету; әділ және бәсекеге қабілетті сыйақыны қамтамасыз ету.	Басқарма төрағасының 2024 жылғы 15 тамыздағы № 03-03/126-НҚ бұйрығы	Қажеттілігіне қарай
10	Сараптама комиссиясы	Басқарма төрағасының орынбасары	мұрағаттық істерді қайта қарау, жою, істер номенклатурасын келісу, мөрлер мен мөртабандарды жою	Сараптама комиссиясы туралы ереже (Басқарма Төрағасының 2006 жылғы 22 маусымдағы № 67 бұйрығы)	Қажеттілігіне қарай
11	Тәртіптік комиссия	Осы Комиссия мүшелерінің ішінен төраға тағайындалады	еңбек тәртібін бұзуға байланысты мәселелерді қарау және жауапкершілік шаралары бойынша ұсынымдар әзірлеу.	Тәртіптік комиссия туралы ереже (Басқарманың 2022 жылғы 25 қарашадағы № 49 шешімі)	Қажеттілігіне қарай